

Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің есепті отырысының ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

№01/26

«16» қаңтар 2026 ж.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) орналасқан жері: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ташкент тас жолы, 19Б ғимарат.

Жиналыстың өтетін орны және ашылу уақыты: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ташкент тас жолы, 19Б ғимарат, 1-қабат, кіші конференц-зал, 15:00.

Кәсіпорынның байқау кеңесінің (бұдан әрі – Байқау кеңесі) құрамы:

Қатысушылар:

Байқау кеңесінің Төрағасы:

Молдабеков Шадиар Мекенбайұлы - "Заң" республикалық газетінің тілшісі;

Байқау кеңесінің мүшелері:

Айтуған Ерсұлтан Бақытжанұлы - Түркістан облысын сақтау басқармасының экономикалық жоспарлау және қаржыландыру бөлімінің бас маманы (*байқау кеңесінің отырысына онлайн форматта қатысты*);

Карасаева Гулжахан Жулмурзаевна – дәрігер-терапевт;

Мауленов Жаксылық Оразбайұлы - Шымкент қаласы ДСБ-ның «Онкологиялық орталығы бар қалалық көпбейінді аурухана» МКК-ның директоры (*байқау кеңесінің отырысына онлайн форматта қатысты*);

Керимшеев Алтай Файзуллаевич - "Қазыбек Күзет" ЖШС директоры.

Кворум туралы ақпарат: Шешім қабылдау үшін кворум бар.

Байқау кеңесінің хатшысы: Кәсіпорынның заңгері Едіге Ж.Е.

Әкімшілік тарапынан қатысушы: мекеме басшысы **А.Б.Чалкаров.**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның Байқау кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы (1-қосымша)

2. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесі бойынша штат кестесіне өзгертулер енгізу туралы;

3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның жұмыскерлерінің жалақысына түзету коэффициенттерін бекіту туралы;

4. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның Ұжымдық шартта көрсетілген қаржылай мәселелерді қарау.

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің күн тәртібі баяндамасын ұсынылған редакцияда бекітсін.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Күн тәртібінде бірінші мәселесі бойынша, Ш.М.Молдабеков Байқау кеңесінің хатшысы Ж.Е.Едігеге Байқау кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын баяндауды ұсынды. Ж.Е.Едіге 2026 жылға арналған жұмыс жоспарының әр тармағына тоқталып, толығымен баяндады.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша, экономист Ж.Е.Едіге: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері үшін үлгілік штаттар мен штаттық нормативтерін бекіту туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 419 бұйрығына сәйкес штаттық құрылым қайта қаралды. Аталған бұйрық негізінде енгізілуі мүмкін толықтырулар көлемі ауқымды болғанымен, өндірістік қажеттілікті ескере отырып және қаржы қаражатын тиімді пайдалану мақсатында тек нақты қажетті штаттық бірліктер ғана енгізілді. 2026 жылдың штаттық кестесі басқарушы орган «Денсаулық сақтау басқармасы» ММ келісілді және Байқау кеңесіне ұсынылды.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов Ж, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша, экономист Ж.Е.Едіге: 2025 жылдың 31 желтоқсанынан бастап жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесі күшін жойды. Мекемедегі кіші буын қызметкерлерінің жалақысы төмен болуына байланысты көтермелеу мақсатында 2026 жылға жұмыскерлерінің жалақысына түзету коэффициенттеріне қайта өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді ұсынды. Байқау кеңесімен бекітілген айлық жалақыға қосымша арттыру коэффициенттері Кентау және Түркістан қалаларында орналасқан бөлімшелерге қолданылмайды. Себебі, мекеме төменгі айлық алатын қызметкерлерді көтермелеу мақсатында коэффициентті енгізсе, Кентау және Түркістан қаласындағы қызметкерлердің жалақысы экологиялық төлем есебінен жеткілікті түрде түзетілген. Сонымен қатар, жұмыс көлемінің ауқымдылығына байланысты Сарыағаш қаласында орналасқан кейбір қызметкерлерге де арттыру коэффициенті төмен мөлшерде немесе қолданылмайды.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Күн тәртібінде төртінші мәселе бойынша, экономист Ж.Е.Едіге: Ұжымдық шартта көрсетілген қаржылай мәселелерді қарауды ұсынды. Ұжымдық шарт ҚР Еңбек Кодексі; "Кәсіптік одақтар туралы" ҚР Заңы; ҚР Конституциясы; «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы; ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы; «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі негізінде жасалды.

- 1) Кәсіпорынның байқау кеңесімен бекітілген жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесін негізге ала отырып жалақыға арттыру коэффициенттері белгіленетіні туралы;
- 2) Сыйақы қарастырудың жүйесі туралы қайта айқындалды;
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, «QazMed» медицина қызметкерлерінің және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігі және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасында жасалған 2020–2022 жылдарға арналған Салалық келісімнің және оған қосымшалардың күшінің жойылуына байланысты, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган — денсаулық сақтау басқармасының тапсырмасына сәйкес, 31.12.2025 жылға дейін күшін сақтаған салалық келісімді ұжымдық шарттан алып тастау (тоқтату).
- 4) ГОБМП аясында қаралған қаржы есебінен көзделген материалдық көмекті алып тастау және материалдық көмекті кәсіподақ қаражаты есебінен қарастыру туралы.
- 5) Жұмыс берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны «шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын» болып табылуына байланысты, барлық қызметкерлерге бірыңғай түрде лауазымдық айлық ақысы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы қарастыруды тоқтату. Сауықтыруға арналған жәрдемақыны біліктілігі бар (тиісті білімі, сертификаты, лицензиясы бар; аттестаттаудан өткен; кәсіби стандарттарға сәйкес келетін қызметкерлер), негізгі ақылы еңбек демалыс күні отыз күнтізбелік күннен кем емес қызметкерлерге қарастыру.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Байқау кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның Байқау кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітілсін (1-қосымша)

2. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесі бойынша штат кестесіне өзгертулер енгізілсін;

3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның жұмыскерлерінің жалақысына түзету коэффициенттері бекітілсін;

4. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның Ұжымдық шартта көрсетілген қаржылай мәселелер толықтай қанағаттандырылсын.

Дауыс беру нәтижелері:

«ҚОЛДАУ» - 5 дауыс (Ш.М.Молдабеков, Е.Б.Айтуған, Г.Ж.Карасаева, Ж.О.Мауленов, А.Ф.Керимшеев)

«ҚАРСЫ» (ерекше пікір) - 0 дауыс

«ҚАЛЫС» (ерекше пікір) - 0 дауыс

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: 5 дауыс бірауыздан.

Жиналыстың жабылу уақыты: 16 сағат 00 минут.

Байқау кеңесі
Төрағасы



М.О.

Молдабеков Ш. М.

Байқау кеңесінің мүшелері

Айтуған Е. Б.

Карасаева Г. Ж.

Мауленов Ж. О.

Керимшеев А. Ф.

Хатшы

Едіге Ж. Е.